

Түсінік хат

«Ойын-бұл баланың рухани дүниесіне, оның қоршаған ортасы туралы ұғымдардың және түсініктердің жандандыратын ағыны енетін үлкен жарық терезе сияқты» ден Сухомлинский В.А жазған болатын.

Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жағдайы жаңаруда және дамуда. Жаңа мемлекеттік стандарт мектепке дейінгі білім беру қызметінің негізі болып базистік оқу жоспары анықтайтынын педагогтың іс-әрекеті емес, бала-педагогикалық процестің субъекті ретінде болатын көрсетеді. Біртіндеп қиындап отырған ойын іс әрекетінің міндеттері балаға алға жүруді, өз шығармашылық қасиеттерін дамытып, өздігінен жетілуге мүмкіндік береді. Ал ойын сауық, демалыс ретінде бола тұрып, оқытуға, шығармашылыққа адам қарым-қатынастарының өмірдің әртүрлі салаларында көрінудің олардың модельдеуіне айналуға мүмкін.

Міндеті:

1. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы әр жақтылығымен және қарқындылығымен ерекшелендіру.
2. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала дамуының түрлі бағыттарында маңызды өзгерістер орын алады, іс – әрекеттер түрлерін жетілдіру.
3. Тұлға дамуында өзгерістер байқай отырып, танымдық іс-әрекет мазмұнын тереңдей түсіну.

Мақсаты:

Есте сақтау түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастыру және дамыту. Балаларды шығармашылыққа баулу. Жаңа шешімдерді іздеу және қажетті нәтижеге жетудің ерекше тәсілдерін табу. Әр баланың тәжірибелік іс-әрекетіне негізделіп, дидактикалық ойыншықтардың бөлшектерімен жабдықтарын падалана алуға үйрету.

	Р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктері	сағаты
Қыркүйек	1	«Мектеп» сюжетті –рөлді ойын	Балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Мектеп тіршілігі туралы ұғымдарын кеңейту.	Тақта, журналдар, карталар, күнделіктер.	1
	2	«Кім тез?» ойыны	Зейінді дамыту, белгі бойынша бірлесіп әрекет жасай білуге үйрету. Балаларды жылдамдыққа, ептілікке баулу.	Түрлі түсті қағаздан жасалған тіреуіші бар жалаушалар.	1
	3	«Ерекше шимайлар»	Шығармашылық қиялды, бейнелі ойлауды, ұсақ қол моторикасын дамыту.	Түрлі сызықтар бейнеленген суреттер.	1
	4	«Пиктограмма» ойыны	Балалардың есте сақтауын, ойлау қабілеттерін дамыту.	Балаларға есте сақтауға берілген әрбір сөздің сызба суреті.	1
Қазан	5	«Қауіпті емес» ойыны	Балаларға қорғану сезімін дамыту, өміріне қауіп төндіретін, өзінің және өзгелердің денсаулығына зиян келтіретін жағдайлардан ажырата білуін дамыту.	Денсаулыққа қауіпті және қауіпті емес жағдайлар бейнеленген дидактикалық суреттер.	1

			Өзара көмек көрсете алу сезімдерін тәрбиелеу.		
	6	«Құтқару қызметі» сюжетті-рөлді ойын	Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай жасау және ынталандыру, ойын желісіне сәйкес шағын топтарға бөліне білуді және белгілі бір ойын әрекеті аяқталғанда тұтас ұжымға біріге білуді қалыптастыру. Балалардың тілін дамыту.	«Жедел жәрдемнің атрибуттарын» қолдану. Басқару пульттері, жүк көлігі, арқан жіптер.	1
	7	«Ателье. Сән үйі» сюжетті-рөлді ойын.	Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу білігін қалыптастыру, тігінші, сәнгер, үлгішінің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу, диалогпен сөйлеу.	Үлгі суреттер, ойыншық макеті.	1
	8	«Кімнің көлеңкесі қызықты» ойыны	Қол ойыншық заттардың бейнелерінің көлеңкелерімен танысу және тәжірибені батыл жасай білуге үйрету.	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңкелері бейнеленген суреттер.	1
Қараша	9	«Суретке сәйкес жұбын таңда» ойыны	Логикалық ойлауды, заттың бар белгілерін анықтау, затты сипаттамасына қарай тауды дамыту.	Жемістердің суреті, таратпа материалдар.	1
	10	«Көлеңке театры»	Балаларға көлеңке театрындағы кейіпкерлердің мінез құлқын сипаттауға үйрету. Жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге үйрету.	«Үйшік» ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары	1

	11	«Бағдаршам» ойыны	Бақылағыштықты, тыныс алу дағдыларын, ереже бойынша әрекет ету іскерліктерін дамыту.	Түрлі-түсті қағаздан қызыл, сары, жасыл дөңгелек пішіндер.	1
	12	Резеңке, оның сапасы мен құрамын зерттеу.	Резеңкеден жасалған заттарды танып, оларды сапасы (бетінің құрылымы, қалыңдығы) мен құрамын (қаттылығы, серпімділігін, иілгіштігін) анықтау.	Резеңкеден жасалған ойыншық, сіріңке.	1
Желтоқсан	13	Пластмасса, оның сапасы мен қасиеттерін зерттеу	Пластмассадан жасалған заттарды танып, олардың сапасы (беттік құрылымын, қалыңдығын түсін) мен құрылымын (қаттылығын, иілгіштігін, жылу өткізгіштігін балқуын) анықтау.	Пластмассалы стақандағы су.	1
	14	Түсті мұздықтарды дайындау	Қарды зерттеу. Оның қасиеттерімен (суға айналуы, қатуы бір-біріне жабысуы) балаларды таныстыру.	Қар мен мұз	1
	15	«Қардағы іздер мен өрнектер» ойыны	Балаларға қар бетіндегі түрлі аяқ киімдер мен жан-жануарлардың іздерімен таныстыру.	Қар мен іздердің суреттері.	1
	16	«Керемет тамшылар» ойыны	Балаларға түрлі-түсті бояуларды пайдалана отырып, ақ параққа тамшыларды саусақ арқылы салғызу.	Ашық күн мен бұлтты күн, тамшы суреттері.	1
Қаң	17	Түрлі –түсті мозайкалардан мен жалаушалар.	Балалардың назарын әр түрлі затқа сәйкес түстерді пайдалана білуге үйрету.	Көпқабатты үйлер мен жер үйлердің суреттері.	1

	18	Шыны мен ойындар	Балаларға шыны түрлерімен ойнаудағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Шыны түрлерін көрсету.	Шыны түрлері	1
	19	«Құпиялы түстер әлемі түсін өзгертеді»	Балаларға түрлі түсті шыны арқылы қарау арқылы әлем қызықтарымен таныстыру.	Түрлі түсті суреттер мен шынылар.	1
	20	«Ғажайып қалта» ойын.	Әр баланың тәжірибелік іс-әрекетіне негізделіп, дидактикалық ойыншықтардың бөлшектерімен жабдықтарын падалана алуға үйрету.	Дорбаның ішіне: төртбұрыш, үшбұрыш, алма, қораз, ойыншықтар.	1
Ақпан	21	«Жанды пішіндер» ойыны	Қимыл- қозғалыс және коммуникативті дағдыларды, қимыл-қозғалысты орындау және геометриялық пішіндерді орналастыра алуды дамыту.	Геометриялық пішіндер.	1
	22	Айнамен ойындар. «Шағылысқан күн сәулелерін жіберу»	Балаларға күн сәулесі жылуының пайдасын түсіндіру. Күн сәулесінен түскен жылудан адам ағзасына пайдалы дәрумен алатынын түсіндіру.	Ауа райы суреттері. Ашық мен жаңбырлы күн бейнеленген суреттер.	1
	23	«күнді ұстап ал»	Балаларға күн жылуының пайдасын түсіндіру. Ойын ойнау арқылы күннің ерекшеліктерін бақылату.	Ауа райы суреттері. Ашық мен жаңбырлы күн бейнеленген суреттер.	1
	24	«Айнада не бейнеленген?»	Балаларға айнаға далапты пайдаланып сурет салуға үйрету.	Жануарлар, құстар, жемістер суреттері.	1

Наурыз	25	«Төрт бояу»	Балаларға салатын суретіне сай түстерді дұрыс таңдай білуін, жалпы түстер туралы білімін бекіту.	Еркін тақырыптағы суреттер.	1
	26	«Жайлаудағы дүкен» сюжетті-рөлді ойыны.	Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету, құрбы-құрдастарымен өзінің жеке ойын бөлісу, келісе білу біліктерін қалыптастыру.Қазақтың салт-дәстүрі мен өмірі бойынша балалардың білімдерін кеңінен қолдану. Билингвалдық компоненттер негізінде диалогтік тілдік қатынасын дамыту.	Қазақтың тұрмыстықзаттары: дастархан, кесе, шыныаяқ, шайнек, ұлттық киімдер.	1
	27	Түрлі-түсті қағаздан оюлар мен сырмақтар құрастыру	Балаларға түрлі-түсті қағаздарн немесе кардоннан сырмақ пен текемет құрастыра білуге үйрету.	Қазақ бұрышындағы сырмақ пен текемет. Ою өрнек суреттері.	1
	28	«Отбасы» Қарлығаштың туылған күні» сюжетті-рөлді ойыны	Ойында әлеуметтік ортадағы шынайы оқиғаларды көрсете білуді, отбасы- бірге тұратын адамдар туралы ұғымды қалыптастыру, жақын адамдарына қамқорлық көрсету талабын дамыту, өзінің отбасы мақтаныш тұту сезімін дамыту, өзінің отбасы туралы білімін	Көрпе, дастархан, сандық, ыдыс, торсық,тұлпар, бауырсақта, қазан, тарақтар,қамшы, қазақтың ұлттық аспаптары (домбыра, қобыз,сырнай), қазақтың ұлттық костюмдері мен	

			тереңдету негізінде балалардың сөздік қорын белсендіру.	орамалдары. Ыдыс-кесе, шәйнек, қант, кәмпиттер. Жиһаз-дастархан. Сыйлық бауырсақтар.	
	29	«Балық аулау» ойыны	Балаларға балық және су туралы балықтың көлемін, сыртқы пішінін түстерін ажырата білуге үйрету.	Табиғатбұрышындағы аквариум. Балық суреттері.	1
Сәуір	30	«Ұшқыштар» сюжетті-рөлдік ойыны	Ойындар қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті – рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту.	Ұшақ, шланг, машина, көлікке жанармай құйушы ұшақтың штурвалдары, штурман картасы, радиостанция, құлаққап, торлар, байрақ немесе жалаулары бар бақан, еме, ұшақ, дабыл жалаулар.	1
	31	«Дыбыс шығаратын бөтелкелер» ойыны	Балаларды суға, құмға толтырылған немесе бос бөтелкелерді пайдаланып, қандай дыбыс шығаратын үйрету.	Бөтелкелер, су, құм.	1
	32	«Жануарлар қалай дыбыстайды?»	Балаларды төрт түлік жануарлармен таныстыру, оларды қалай дыбыстайтынын таныстыру. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Үй жануарлары мен жабайы аңдар суреттері.	1

Мамыр	33	«Жадында сақтап көрші» ойыны	Көріп есте сақтауды, зейін, көлемін, байқағыштықты дамыту.	Әр түрлі майда ойыншық түрлері.	1
	34	«Мені таны» ойыны	Кіріп есте сақтауды, тактильді түйсікті, нақты белгілер (дене бітімі, шашы, киімі, қолдары және т.б.) бойынша көзі танылған күйде бір-бірін тани алуын дамыту.	Тәрбиешінің сөздік тапсырмалары арқылы ойын іс-әрекет.	1
	35	«Суретке сәйкес жұбын таңда» ойыны	Логикалық ойлауды, заттың бар белгілерін анықтау, затты сипаттамасына қарай тауды дамыту.	Жемістердің суреті, таратпа материалдар.	1
	36	«Көңіл күй»	Баланың эмоционалды көңіл күйін анықтауға үйрету.	Түрлі көңіл күй бейнеленген суреттер.	1
Барлығы					36сағат